

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ  
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ  
“АРЫС ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ  
БӨЛІМІ”

МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ  
“ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА  
АРЫС”  
УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ  
ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

160100, Арыс қ, Салықбаев к., №22  
тел./факс: 8(72-540) 5-92-34

160100, г. Арыс, ул. Салықбаева, №22  
тел./факс: 8(72-540) 5-92-34

22.09.2023 № 1349

**Мектеп директорларына**

Арыс қаласының «Білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі Түркістан облысы білім басқармасының «Облыстық дарынды балаларды анықтау және қолдау орталығы» КММ-нің 2023 жылғы 20 қыркүйектегі №2-2/1817 хатына сәйкес, математика пәнінен 3-4 сынып оқушылары арасында «Алтын сақа» олимпиадасының мектепшілік кезеңі – 6 қазан күні өтілетінін хабарлайды.

Мектепшілік кезеңге төмендегі сілтеме арқылы тіркелу қажет:  
<https://forms.gle/UUIQNnwbbprs7TFT6> (тіркелу 26 қыркүйектің 18:00 - ге дейін)

Тіркелген оқушылардың тізімін қосымша кестеге сәйкес 2023 жылдың 26 қыркүйегіне дейін әдіскер П.Сулейменованың электрондық поштасына жолдауларыңызды сұранады.

**Қосымша:** 3-4 сыныптар арасында өтетін «Алтын сақа» олимпиадасының ережесі, олимпиаданы өткізу бойынша нұсқаулығы қоса тіркелді.

№	Мектеп атауы	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Жауапты жетекшінің аты-жөні

Бөлім басшысы:



Ә.Момбеков

П.Сулейменова  
87716588815  
[perizat16@bk.ru](mailto:perizat16@bk.ru)



«БЕКІТІЛДІ»

«Зерделі» ақыл-ой даму мектебі ШС бас директоры  
Мәуіт Мәуіт  
2023 жылғы 22 қыркүйек

**«АЛТЫН САҚА» ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ  
МЕКТЕПШІЛІК КЕЗЕҢІН ӨТКІЗУ БОЙЫНША  
НҰСҚАУЛЫҚ  
(3-4 сыныптар арасында)**

1. «Алтын сақа» олимпиадасы бекітілген Ережемен осы Нұсқаулыққа сәйкес өткізіледі.
2. Ұйымдастырушылар осы олимпиаданың мақсаттарының орындалуы мен принциптерінің сақталуына және барынша адал бәсекелестікті қамтамасыз етуіне жауапты. Егер қатысушылар әр кезеңде ашықтық пен адалдықты сақтамаса, нәтижесі бойынша ол мектеп екі жыл қатарына олимпиадаға қатысу құқығынан айырылады.
3. «Зерделі» ақыл-ой дамыту мектебі тарапынан өңірлік Дарын орталықтарына олимпиаданың өтуі туралы ақпараттық хат пен олимпиада Ережесі жолданады. Хатта мектепшілік кезеңге тіркелу сілтемесі жүктеледі.
4. Аталмыш хат «Зерделі» ақыл-ой дамыту мектебінің өңірлік орталықтарына да (бұдан әрі - Орталық) жолданады.
5. Қатысушылар мектепшілік кезеңге сілтеме арқылы тіркеледі.
6. Қатысушылар саны бойынша шектеулік жоқ.
7. Тіркелу хатта көрсетілген мерзімде, атап айтқанда 2023 жылғы 22 қыркүйек күні сағат 18:00 -де аяқталады.
8. «Зерделі» ақыл-ой дамыту мектебінің жауапты тұлғасы (бұдан әрі Ұйымдастырушы) 2023 жылғы 23 қыркүйек күні жоғарыда аталған сілтемеде қатысушылар тізімін жүктеп алады, сұрыптайды және 2023 жылғы 24 қыркүйек күні Орталықтарға Excel кестесі түрінде жалпы тізім жолдайды.
9. Облыстардағы орталықтардың жауапты тұлғалары аталмыш тізімді аудандар бойынша (қалалар қала аудандары бойынша) орналасқан мектепте тізімдеріне сәйкес жіктейді.
10. Орталықтармен жіктелген тізімдер Дарын орталықтарына және мектептердің жауапты мамандарына 2023 жылғы 26 қыркүйек күні жіберіледі.
11. Облыс оқушыларының толық тізімі, оқушылар туралы жеке мәліметтеріне тиесілі өңірден басқа аудан, мектептерге таралмауы керек.
12. Олимпиаданың мектепшілік кезеңінің тапсырмалары «Зерделі» ақыл-ой дамыту мектебі тарапынан Дарын орталықтарының маманына немесе алдын-ала ашылған WhatsApp желісіндегі чат арқылы бір уақытта барлық облыстарға (қалаларға) жіберіледі.

13. Олимпиаданың басталу күніне дейін «Зерделі» ақыл-ой дамыту мектебі тарапынан онлайн режимінде zerdeli.kz ютуб каналы, @rsbek.Mauit инстаграм парақшасында:

2023 жылдың 27 қыркүйек күні сағат 20.00-де – мектептердің жауапты мамандарына олимпиаданы өткізу бойынша нұсқаулық;

2022 жылдың 28 қыркүйек күні сағат 20.00-де – 3 сынып оқушыларына өткен олимпиада есептерін талдау;

2022 жылдың 29 қыркүйек күні сағат 20.00-де – 4 сынып оқушыларына өткен олимпиада есептері талдау.

14. Мектепшілік кезең 2023 жылдың 06 қазан күні сағат 12.00-де (Астана уақытымен) өтеді.

15. Барлық өңірлер бір уақытта бастап, бір уақытта аяқтайды.

16. Қосымша уақыт берілмейді.

17. Белгіленген уақыттан кешіккен оқушылардың жұмыстары қабылданбайды.

18. Олимпиаданың бірінші және екінші кезеңдерінің тапсырмалары жалпы екі бөлімнен тұрады.

Екі бөлімге берілетін жалпы уақыт - 60 минут, осы уақыт аралығында әр бөлімдегі тапсырмаларды орындау арқылы алынған ең жоғарғы ұпай 100 ұпай болып саналады.

Бірінші бөлім. Тест жұмысы, 10 есеп беріледі, әр дұрыс жауапқа 5 ұпай, жалпы ұпай саны 50.

Екінші бөлім. Бос орынды толықтыру, 10 есеп беріледі, мұнда оқушылар тек жауаптарын толтырады. Әр дұрыс жауапқа 5 ұпай беріледі, жалпы ұпай саны 50.

19. Олимпиада тапсырмаларын тексеру үшін әр мектеп мүшелер саны тақ қазылар алқасын құрайды.

20. Қазылар алқасының басты міндеттеріне олимпиаданың ашықтығын, академиялық адалдығын, объективті түрде өтуін қадағалау, тапсырмаларды тексеру, олимпиада барысында бір-бірінен көмек сұрау, көшіру, техникалық құралдар қолдану (ұялы телефон, смарт сағат, т.б.) фактілерінің болмауын қадағалау және қорытынды шығару жатады. Қазылар алқасы ереже бұзушылықтың орын алғанын анықтаған жағдайда, қандай шара қолдану керектігін шешеді. Бқтимал шараларға жеке қатысушыны немесе бүкіл команданы олимпиададан шеттету жатады.

21. Олимпиада аяқталғаннан кейін 07 қазан сағат 12.00-де (Астана уақытымен) 3-сыныптарға арналған координацияға, 07 қазан сағат 14.00-де (Астана уақытымен) 4-сыныптарға арналған координацияға қатысу zerdeli.kz ютуб каналы, @rsbek.Mauit инстаграм парақшасына тіркелу арқылы жүзеге асырылады.

22. Мектепшілік кезеңнің қорытындысына сәйкес аудандық кезеңге келесі қатысушылар саны жолданады:

Мектептердің оқыту тілі	Қатысушылар саны	
	3 сынып	4 сынып
Қазақ	3	3

Орыс	3	3
Аралас	3	3

\*Аралас тілде оқытатын әр мектептен 3-4 сыныптардан жалпы 3 (үш) қатысушыға аудандық кезеңге жолдама беріледі.

23. Олимпиада қорытындысын (хаттамаларды) excel форматында мектептер (аудандар) үш жұмыс күні ішінде 11.10.2023ж. дейін өңірлік Дарын орталықтарының жауапты маманына жібереді. Дарын орталығының маманы облыс бойынша жинақтап ұйымдастырушының поштасына жібереді.

24. Олимпиада қорытындысы, олимпиадалық тапсырмалардың талдау барысы туралы мәлімет «Зерделі» ақыл-ой дамыту мектебі мен Орталықтардың әлеуметтік желілерінде жарияланады.





«БЕКІТЕМІН»

«Зерделі» ақыл-ой дамыту

ЖШС бас директоры

Мәуіт Ы.М.

2023ж.

## «АЛТЫН САҚА» МАТЕМАТИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

### I. Жалпы ережелер

1.1. Бұл Ереже 3-4 сыныптар арасында өткізілетін «Алтын сақа» математикалық олимпиадасының (әрі қарай - олимпиада) мақсаты мен міндеттерін, өткізу тәртібі мен ұйымдастыруын қамтамасыз етеді.

1.2. Ұйымдастырушылар: «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының қолдауымен «Зерделі» ақыл-ой дамыту мектебі мен өңірлік «Дарын» орталықтары.

1.3. Ұйымдастырушылар осы олимпиаданың мақсаттарының орындалуы мен принциптерінің сақталуына және барынша адал бәсекелестікті қамтамасыз етуіне жауапты. Егер қатысушылар әр кезеңде ашықтық пен адалдық сақталмаса, нәтижесі бойынша ол мектепті екі жылдық олимпиадаға қатысу құқығынан айырады.

### II. Олимпиаданың мақсаты мен міндеттері

2.1. Математика пәні бойынша қабілетті балаларды анықтау, олимпиада резервін қалыптастыру.

2.2. Математика пәні бойынша оқушылардың қызығушылығын қалыптастыру, ғылымға, жаратылыстануға баулу;

2.3. Оқушыларды математикалық ұғымдарды талдауға, сыни тұрғыда ойлауға, күрделі есептерді шешуге дағдыландыру;

2.4. Жеңімпаздарды анықтап, ынталандыру.

### III. Олимпиадаға қатысу шарттары мен өткізілу тәртібі

3.1. Олимпиада алдын ала дайындалған жоспар бойынша өткізіледі. Олимпиаданың өткізу тәртібін Ұйымдастырушылар бекітеді.

3.2. Олимпиадаға қатысу әр жылдың қыркүйек айында жіберілетін ақпараттық хатта көрсетілетін болады.

3.3. Олимпиада 3-4 сынып оқушылары арасында мемлекеттік және орыс тілдерінде өтеді.

3.4. Олимпиада тегін, оқушылардан қаражат жиналмайды.

3.5. Олимпиада 4 кезеңнен тұрады:

### **I кезең – мектепшілік.**

Мектептерден келген сұраныс негізінде «Зерделі» ақыл-ой даму мектебі орналасқан өңірлерде олимпиаданы жергілікті мектептермен уақытын келісе отырып, офлайн өткізеді.

Мектепшілік олимпиаданың тапсырмалары жалпы екі бөлімнен тұрады. Берілетін уақыт - 60 минут, осы уақыт аралығында әр бөлімдегі тапсырмаларды орындау арқылы қатысушы 100 ұпай жинайды.

Бірінші бөлім. Тест жұмысы, 10 есеп беріледі, әр дұрыс жауапқа 5 ұпай, жалпы ұпай саны 50.

Екінші бөлім. Бос орынды толықтыру, 10 есеп беріледі, мұнда оқушылар тек жауаптарын толтырады. Әр дұрыс жауапқа 5 ұпай беріледі, жалпы ұпай саны 50.

### **II кезең – Аудандық (қалалық) кезең.**

Аудандық кезеңнің тапсырмалары жалпы екі бөлімнен тұрады. Берілетін уақыт - 60 минут, осы уақыт аралығында әр бөлімдегі тапсырмаларды орындау арқылы қатысушы 100 ұпай жинайды.

Бірінші бөлім. Тест жұмысы, 10 есеп беріледі, әр дұрыс жауапқа 5 ұпай, жалпы ұпай саны 50.

Екінші бөлім. Бос орынды толықтыру, 10 есеп беріледі, мұнда оқушылар тек жауаптарын толтырады. Әр дұрыс жауапқа 5 ұпай беріледі, жалпы ұпай саны 50.

### **III кезең – Облыстық кезең.**

Олимпиаданың тапсырмалары жалпы үш бөлімнен тұрады. Берілетін уақыт - 90 минут, осы уақыт аралығында әр бөлімдегі тапсырмаларды орындау арқылы қатысушы 100 ұпай жинайды.

Бірінші бөлім. Тест жұмысы, 10 есеп беріледі, әр дұрыс жауапқа 4 ұпай, жалпы ұпай саны 40.

Екінші бөлім. Бос орынды толықтыру, 10 есеп беріледі, мұнда оқушылар тек жауаптарын толтырады. Әр дұрыс жауапқа 4 ұпай беріледі, жалпы ұпай саны 40.

Үшінші бөлім. Шешу, дәлелдеу, есептеу. Бұл кезеңде қатысушыларға 2 есеп беріледі. Әр дұрыс жауап 10 ұпаймен есептеледі, жалпы ұпай саны 20.

### **IV кезең – республикалық.**

Олимпиаданың республикалық кезеңі облыс орталықтарында өткізіледі. Республикалық кезеңге олимпиаданың облыстық кезеңінен іріктелген жеңімпаздар қатысады.

3.6. Олимпиаданың тапсырмалары жалпы үш бөлімнен тұрады.

Үш бөлімге берілетін жалпы уақыт - 100 минут, осы уақыт аралығында әр бөлімдегі тапсырмаларды орындау арқылы қатысушы 100 ұпай жинауы қажет.

Бірінші бөлім. Тест жұмысы, 10 есеп беріледі, әр дұрыс жауапқа 3 ұпай (I, II кезең үшін 5 ұпай), жалпы ұпай саны 30 (I, II кезең үшін 50 ұпай).

міндеттердің нақтылығына және олардың олимпиаданың тиісті кезеңі талабына сәйкестігіне жауап береді;

7.4. Тиісті кезеңдері өткенге дейін тапсырмалардың құпиялығына жауап береді;

7.5. Қазылар алқасының төрағасы тапсырмалардың орындалуын бағалау өлшемдері бойынша ұсыныстарын қабылдап, тапсырмалардың орындалуын бағалау өлшемдерін бекітеді және олимпиаданың регламентін әзірлеу жөніндегі қазылар алқасының жұмысын ұйымдастырады.

7.6. Жұмыстарды тексереді және бағалайды, қатысушыларды әр кезеңнің тапсырмаларының авторлық шешімімен және жұмыстарды тексеру нәтижесімен таныстырады;

7.7. Қатысушылардың жұмысын бағалаудағы келіспеушілікті талқылайды және қажет болған жағдайда тиісті түзетулер енгізеді;

7.8. Жеңімпаздарды анықтайды және олардың тізімін ұйымдастыру комитетіне ұсынады;

7.9. Олимпиадаға қатысушылармен тапсырмаларды талқылайды және үйлестіруді жүргізеді;

7.10. Апелляцияға берілген өтінімдерді қарастырып, соңғы шешім шығарады.

7.11. Ережені бұзғаны туралы кез-келген мәлімдеме немесе күдік туындаса, қазылар алқасы төрағасының назарына жеткізеді. Егер ол фактілер бар деп санаса, тексеру үшін комитет құрылады. Комитет қазылар алқасына өз тұжырымдары туралы хабарлайды. Қазылар алқасы ереже бұзушылықтың орын алғаны анықталған жағдайда, қандай шара қолдану керектігін шешеді. Ықтимал шаралар жеке қатысушыны немесе бүкіл команданы олимпиадadan шеттетуге жатады. Қазылар алқасы қорытынды шешімді қабылдайды.